

# БІРЛІК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Қазақстанды «Өркениеттер тоғысы» деп орынды атайды. Фасырлар бойы мұнда түрлі халықтар мен ұлыстардың екілдері бірге тұрып, еңбек етіп келеді. Елімізде өзара өркендеуге ықпал еткен берік мәдени және экономикалық байланыстар қалыптасты. Осындай жағдайда дүниежүзілік тарихтың ең күрделі кезеңдерінің бірінде бостандыққа қол жеткізген жас тәуелсіз республиканың мәңгілік құндылығында Қазақстанның көп ұлтты және конфессиялы халқының ең бай рухани мәдениеті, адамгершілік қасиеттерінің жынытығы бар.



Қазақстанның ұлттық саясаты өзінің көп этности халқын ұлттық топтастыру немесе ұлттық ықпалдастыру міндеттерін шешуге бағытталған. Барлық этностар бүгінде біртұтас Қазақстан халқының құрамдас бөлігі болып табылады. Олардың әрқайсысы еліміздің дамына өз үлестерін қосуда. Тәуелсіздік жылдарында этностар республиканың тұрақтылығы мен қуаттылығының сенімді тірегіне, Қазақстан мен тарихи шыққан елі арасындағы халықтық дипломатияның жандықепірі болып саналады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі мақсаты – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, елде тұратын этностардың мәдениеттерін, дәстүрлерін, тілдерін дамыту сияқты қағидаттар негізінде этносаралық қатынастарды үйлестіру, мемлекеттің тұастығын қамтамасыз ету және мемлекет пен қоғам арасында тұрақты қарым-қатынас орнату. ҚХА еліміздің барлық өнірлерінде екілдік ететін кең үйымдық құрылым негізінде (Достық үйлері, Қоғамдық келісім кеңестері, Ғылыми-сараптамалық кеңестер, Аналар кеңестері, «Қоғамдық келісім» және т.б.) жұмыс істейді.

мен үйымдарға 35 ұсыным берілді. 22 ұсыным орындалды. Аналар кеңестерінде отбасы құндылықтарын ілгерілету, жастар тәрбиесі мәселелері бойынша 69 мақсатты іс-шара үйымдастырылды.

Тұрмыстық сипаттағы шиеленісті жағдайлардың санын азайтып, азаматтық келісімді нығайтуда медиация кеңесінің мүшелерінің қатысуымен виртуалды 6 қоғамдық қабылдау, біліктілікті арттыруға арналған 5 семинар, Ассамблея медиаторларының форумы етті. Қайырымдылық саласында «Зоригі іс» жоспары, «Жақсылық жасас», «Журектен – жүрекке», «Аялы алақан», «Қайырымдылық – қайырлы іс», «Біз біргеміз», «Біздің күшіміз – бірлікте», «Мектепке жол» қайырымдылық іс-шаралары мен «Біздің қанымыз бір» доноңлық акциясы үйымдастырылды. Жыл көлемінде қалалық Ассамблея мүшелері 32,3 млн теңгеңін көмегін беріп, халық біrlігінің жарын үлгісін көрсетті.

Қорытындылай келсек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурызыдағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауында: «Біз ең басты құндылығымыз

Шымкент қаласының халқы 2021 жылы 1 074 466 адам болды. Үлттық құрам бойынша қала халқының 68,1 пайызын – қазактар, 17,4 пайызын – өзбектер, 8,5 пайызын – орыстар, 6 пайызын өзге де этностар құрайды. Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан 17 этномәдени бірлестік қызмет етеді, 13 бірлестік заң талаптарына сәйкес қоғамдық аккредиттеуден өтті. Этномәдени бірлестіктер жанынан 38 шығармашылық үйім, 8 жексенбілік мектеп жұмыс істейді. Қалалық ҚХА жанындағы 7 қоғамдық құрылым. қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсene жұмылдырылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 4 базалық жобасының негізінде арнайы ішшаралар жоспары түзіліп, этносаралық қатынастарды дамытудың модельдік жоспары бекітілді. «Тәуелсіздік – бірлік пен тұрақтылық тұғыры» күн тәртібімен өткен II сессиянда берілген тапсырмалар жұмысымыздың бағдары болып айқындалды.

Қоғамдық келісім кеңестерінде 20 мәселе қаралып, мемлекеттік органдар

– Тәуелсіздігімізді сақтап, үлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғыруту жолында үйисуға тиіспіз. Бұл – болашақ үрпак алдындағы қасиетті борышымыз», – деп нақтыладап айтқан болатын.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. «Береке бастауы – бірлік, ел іші – тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне қатысқан адам бұл мейрамның ауқымын біледі. Мерекеге шырайлы қаламыздың әртурлі мәдени орталықтары атсалысады. Олардың мақсаты – салт-дәстүрмен таныстыруду, өзара сенім мен достықты нығайту.

Саипжамал  
КОРҒАНОВА,  
М.Әузев  
атындағы ОҚУ  
доценті, ф.ғ.к.  
Шымкент қаласы  
ҚХА ғылыми-  
сарапшылық топ  
жетекшісі